

**Ақтөбе қаласы
«№45 ЖББ орта мектеп» КММ**



**2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген
дефектолог маманның
жылдық есебі**

2023-2024 оқу жылы

**45 жалпы білім беретін орта мектеп КММ дефектологының
2023-2024 оқу жылында жасалған жұмыстар бойынша жарты жылдық
есебі**

Дефектолог жұмысының негізгі мақсаты: Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен коррекциялық –педагогикалық бағытта түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Дефектолог жұмысының негізгі міндеттері:

1. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды диагностикалық бағытта тексеру, тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасап зерттеу картасына толтыру.
2. Даму бұзылыстары бар оқушылардың танымдық әрекеттерін (зейін, түйсік, ойлау, есте сақтау, қабылдау, сөйлеу тілі, қиял) жалпы және ұсақ моторикасын, сенсорлық қабілеттерін түзете-дамыту.
3. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға көмек көрсетудің әдіс-тәсілдері мәселелері бойынша ата-аналарға, педагогтарға әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.
4. Баланың дамуының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, жеке даму бағдарламасын әзірлеу және құрастыру;
5. Жеке, шағын топ және топтық сабақтар түрінде түзете-дамыту сабақтарын жүргізу;

Диагностикалық бағыт

1. Дефектологтың жылдық жоспары құрылды.
2. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылар туралы медициналық-педагогикалық мағлұмат жинақталды.
3. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға жеке дамыту бағдарламасы жасалды.
3. Мектепшілік түзетуге алынған оқушыларға зерттеу картасы құрылды.
4. Оқушылардың тізімі, тіркеу журналына толтырылды;

Логопункт тіркеуіне ата-аналардың өтініштері негізінде 2023 жылдың I жартыжылдығында 2 бала қабылданды. Әр оқушы бекітілген сабақ кестесі бойынша аптасына 2 рет келеді. Әр сабақ 40 минут аралығында өтеді. Түзету сабақтары сабақтан тыс кезінде өткізілді. ПМПК қорытындысы негізінде және ата-ана өтініші негізінде қабылданған 2 ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға диагностика жұмыстары жүргізіліп, тексеру нәтижесі зерттеу картасына толтырылды. Жеке даму ерекшеліктеріне байланысты жеке даму бағдарламасы құрылды. Жеке дамыту сабақтары жүргізілді.

Оқушыларды жеке, жаппай; бастапқы диагностика кезеңдері бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді.

I. Оқушыларды диагностикалық тексеру барысында:

1.Оқу қызметі бойынша:

Математика : (сандарды толық меңгерген, сандарды дұрыс және кері санайды, өз бетімен есепті шығарады, мүлдем шығара алмайды)

Сөйлеу тілі: (әріптерді шатастырады, жазу барысында көп қате жібереді, мүлдем жаза алмайды, көшіріп жазады, естігенді жаза алмайды, қатесіз жазады)

Қоршаған орта: (жыл мезгілдерін белгілеріне қарай ажыратады, ажырата алмайды, сурет бойынша әңгімелейді, уақыт бірліктері туралы түсінігі бар, түсінігі жоқ,)

2.Қабылдау ерекшеліктері бойынша: затты қабылдау, заттың маңызды бөлігін, түстерді ажырата білуі, сөзсіз әдісті пайдаланып, түстерді сәйкестендіруі.

3.Пішіндерді қабылдауы бойынша: негізгі геометриялық фигураларды ажыратуы

4. Кеңістікті қабылдауы бойынша: оқушы өзінің оң және сол жағын, қиылған тақырыптық суретті жинау, уақытты қабылдауы.

5. Танымдық ерекшеліктері: зейін, есте сақтауы, ойлау, оқушының эмоциялық реакциясы, өзінің іс-әрекетін бағалауы, мінез-құлқы.

6.Жалпы және ұсақ моторикасы: дене қимылы, саусақ қолды қимылдату.

7. Жалпы тілдік дамуы: дыбысты айту жағдайы, сөздік қоры, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы, сөздің мағынасын түсінуі, өз ойын ашық айтуы бойынша тексеру жұмыстары жасалды.

8. Әңгіменің мазмұнын түсінуі: (мазмұнын түсінеді, қайталап оқу қажет, мүлдем түсінбейді)

9. Оқу дағдысы: (өз бетімен оқи алмайды, жақсы оқиды, әріптерді танымайды, әріптеп, буындап оқиды).

II. Түзете-дамытушылық бағыты.

Қыркүйек айының 15.09.2021 жылдан бастап логопункт тіркеуіне алынған, дефектолог сабағына қатысатын оқушылармен түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар 2 оқушы логопункт тіркеуіне алынып, жеке түзету жұмыстары жүргізілді. Аптасына 2 рет 40 минуттан жеке сабақтар жүргізіліп отырды.

**Логопункт тіркеуіне алынған дефектолог сабағына қатысатын «Ерекше
білім беруді қажет ететін» оқушылар тізімі
2023-2024 оқу жылы**

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Мекен-жайы	Диагнозы	Класы	Телефон
1	Тоқтарбаев Арсен	08.07.2010	Еңлік кебек38	Пограничная интеллектуальная недостаточность. Нарушение слуха, ребенок с кохлеарным имплантом. Нарушение речи: ОНР III уровня. Понижение зрения.	7а	87079020674
2	Ағлеспесов Бекарыс	14.01.2013	Шаңырақ 5	Легкие нарушение интеллекта.	4б	87054303990

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үрдісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүргізеді. Мұғалім формативті бағалау процесінде оқу қиындықтарын бірінші болып анықтайды.

Егер оқушыда мұғалімнің жекелік көмегіне қарамастан бір немесе бірнеше пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары сақталса, онда мұғалім мектептік психологиялық-педагогикалық қызметінен көмек сұрап, 7-форманы класс жетекшісі толтырды.

Әрбір маман арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, оқушының оқу қиындықтарын тудыратын даму ерекшеліктері мен себептерін анықтау мақсатында тереңдетілген тексеру жүргізді (психологиялық, логопедиялық, арнайы педагогикалық). Тексеру барысында маман оқушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен бірге күшті жақтарын көрсетіп, оқушының табысты болу ресурстарын да анықтайды.

Арнайы логопед, дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог мамандары балдарды толық 2 апта зерттеп, сабақтарына кіріп, қажетті формаларын толтырып, мінездеме берілді. Барлық құжаттар жеке папкаларына салынып, хаттама жазылып толтырылды.

Ерекше назарды талап ететін оқушы Ағлеспесов Бекарыс және Тоқтарбаев Арсенмен жеке психологиялық түзету-дамыту жоспары құрылып, апта сайын жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Алғашқы психологиялық бақылау. Ой-өріс деңгейін анықтау мақсатында “Өңгімелесу” арнайы сұрақтармен жұмыс жүргізілді.

Қабылдау қабілетін дамытуға арналған Түстерді қабылдап, ажырату мақсатында “Әр түсті заттар” жаттығуы, “Жыл мезгілдері” жаттығуы жүргізілді.

Ойлау процесін дамытуға арналған ойлаудың жылдамдығын, логикалық ойлауды дамыту мақсатында “Көп және біреу” ойыны, “Аяқталмаған суреттер” тапсырмасы жүргізілді.

Логикалық ойлауды дамыту, жаттықтыру мақсатында “Ойлан тап” интеллектуалды тапсырма жүргізілді.

Зейін тұрақтылығын дамытуға арналған “Мен және айна”, “Жіптің ұшын тап” жаттығулары жүргізілді.

Көру арқылы қысқа мерзімді есте сақтаудың көлемін анықтау мақсатында бірдей заттарды 1 мин қарап, артындағы нөмірмен бірдей, есте сақтап қалғандарын жұптастырып ашу тапсырмасы берілді.

Логикалық ойлауды дамыту, жаттықтыру мақсатында “Геоборд” математикалық тақтайша ойыны, “Дженга” ойыны, “Шахмат” ойындары жүргізілді.

Ой-өріс дамуының деңгейін анықтау мақсатында “Ойлан, тап” диаграмма әдісі алынды. Алынған жұмыстар қорытындысы жасалып, хаттама жүргізілді.





Мектеп психологы:

Б.А.Куккузова